

## АБАЙДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТРОПТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

**Сералиева Гүлмерей Саламат қызы**

Мойнақ районы Халық білімдендіру бөліміне қарасты

6-санды жалпы орта білім беру мектебінің

қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушысы

E-mail: [gulmereys.@gmail.com](mailto:gulmereys@gmail.com)

**Аннотация:** «Білегі күшті бірді жығады, ақылы күшті мыңды жығады», - дейді. Арнап жиналған асыл бұйым бір-ақ кісілік болса, Абай жинаған рухани қазына қырық рулы елге жайылды. Ол ақын ғана емес, философта. Лирикаларында өмірге көз-қарасын философиялық тұрғыдан троптарды шебер қолдана отырып баяндаған ұлы тұлға. Философия сөзі-«данышпандықты сүю» дегенді білдіреді. Философия-шындық. Себебі онда өмірдегі оқиғалар желісі, қыр мен сыры жатады. Абайдың қоғамдық-философиялық лирикасын талдау тұста алдымен, ақын өз дәуірінің үні екенін ескерту шарт. **Тірек сөздер:** Қоғам шындығы, философия, метафора, метонимия, синекдоха, символ, ирония т.б

Лирика деген ұғымға қандай қасиеттер тән болса, Абай өлеңдерінде оның бәрі бар. Оның лирикасы кең көлемді мол қазына; биігі бітпес, тереңі таусылмас, сырлы мұра. Өз дәуірінің қатал сыншысы болған Абайды қараңғы даладағы қат-қабат заңсыздықтар мен зұлымдықтар қатты күйзелтеді де, дәл осы жай-күйлер енді бірде арнасынан асып, қоғамдық сипат алған. Әлеуметтік өмір тарихы бірде жәйімен мамырлап өзгерсе, бірде қатты соққан дауылдан соң, ғаламат тасқыннан соң күрт өзгереді.

Дүние-үлкен кел

Заман-соққан жел.

Алдыңдағы толқын ағалар

Артқы толқын інілер

Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер,-деген өлең жолдарынан-ақ бізге түсіндіріп жатқандай.

Абай дүйім жұртты қайткенде түзеудің жолын көздеп, бір тоқтаған түйіні-ғылым, өнер болса, соның ізінше еңбекті тауып;

«Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей»-деп халықты соған үндейді.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап», «Болыс болдым мінеки», «адасқанның алды-жөн, арты-соқпақ», «Адам-бір боқ көтерген боқтың қабы» сияқты тағы басқада көптеген қоғамдық-философиялық тақырыптағы өлеңдерінің бәрінде желі боп тартылып жатқан негізгі идея -қалың бұқараның «көзін қойып, көңілін ашу»; қараңғы қауымды еңбекке, білімге, өнерге, адалдық пен адамгершілікке бастау, азаматтыққа тәрбиелеу.

Өлеңдерінде троптардың сан түрлерін кең және шебер қолдануы ақынымыздың сыншыл да шыншыл екендігінің дәлелі. Троп дегеніміз не?

Әдеби тілді ажарлау аз, құбылту керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де орасан қажет тәсіл-құбылту яки троп. Троп сөздерді тура мағынасында қолданумен бірге шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті айналдырып айту. Троптың түрлері көп; метафора, метонимия, кейіптеу, аллегория, символ, мегзеу, ирония және тағы басқалар.

**Метафора** Абай өлеңдерінде көп кездеседі. «Сәулең болса кеуліңде» өлеңінде;

Берекелі болса ел-

Жағасы-жайлау, ол бір-көл

Жапырағы жайқалып,

Солқылдайды соқса жел.

Берекесі кеткен ел-

Суы ащыған батпақ көл,-дей отыра, «жағасы жайлау» және «суы ащыған батпақ көл» теңеулерімен керемет тәсілдер жасайды.

Достық, қастық-бәрі де жүрек ісі

Ар-ұяттың бір ақыл-күзетшісі. Осында «ақылды-ар-ұяттың күзетшісі» дей отыра құбылтады. Осылар тәрізді образда үлкен мән жатушылық Абайдың ерекше қасиеттерінің бірі.

«Күйрығы-шаян, беті-адам

Байқамай сенбе құрбыға»,-деп келетін сөздері өзінің айтайын деген ойына образдарды таңдап, талғап алатындығына дәлел. Ақын өз кезіндегі сұм-сұрқиялыққа қарсы күрес ашып, халқын адамгершілікке бастамақ болса, соған бөгет жасаушы сұм-сұрқияны ел ұғымындағы ең жексұрын нәрселерге балап, мысқылдап, троптардың қолдану өнегелерін көрсете білді.

**Метонимия** тәсілінің де әдеби тілде атқарар қызметі әжептәуір. «Мәз болады болысын» өлеңінде;

Үйі мәз боп қой сойды,

Сүйіншіге шапқанға,-дейді. Абай болыстың жанұясын, туған-туысқандарын түгел тізіп жатпай, бәрін үйі деген бір ғана сөзбен алмастырады.

«Болыс болдым мінеки» өлеңінде:

Жуанды қойып жуасты

Біраз ғана шеттеймін.

Бұзақының бүлігін

«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін. Осылайша ақынның болыс билерді мегзегендегі тамаша үлгілері **синекдохаға** мысал болмақ.

«Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» деген өлең түгелдей **символ** яғни бейнелеу тәсілімен жазылған.

Қыран бүркіт не алмайды салса баптап,

Жұрт жұрғой күйкентай мен қарға сақтап,

Қыран шықса, қияға жібереді,

Оларда екі құсын екі жақтап. Ақын пікірін ашып айтпай әр нәрсенің бейнесінде астарлап айтады және осыны аяғына шекем берік сақтайды. Бейнелеу ретінде алып отырған «қыран», «қарға», «күйкентай» өз кезінің әр алуан адамдары екендігі мәлім.

**Ирония** Абайдың әртүрлі өмір күресінде күшті құралының бірі болған. Иронияның көпшілігі әлеумет өміріндегі мінез-құлықтардағы кемшіліктерді, мінеу, шенеуге арналады. «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» өлеңіндегі бастапқы шумақтарсырт қарағанда ел билеу жөнінде айтылған өсиет өлең тәрізді.

Мысалы: Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек

Жұрт сүйген нәрсені о да сүймек.

Ішің берік боп, нәпсіге тыю салып

Паңсымай, жайдақсымай ірі жүрмек.

*Соңғы екі жолы;*

Жатты жау деп еліңді үрпитіп ап,

Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез,-деп айтылған сөзден жоғарыдағы айтылғандардың кекесін екендігін байқаймыз.

Шындығында,

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,

Отыруға отын жоқ үзбей жағып,-деп түндей қараңғы, қапас тұрмыста қоңыр іріңдей күңгірт мұңы, арман сыры бар кедей үйінің жабырқау өмірін бейнелеген ақынымыз өз дәуірінің күрескері, ақылгөйі.

Халқын өркениетке жетелеуші, сөз шындығын берік ұстаған жарық жұлдыз асы сөздермен алтын маржандарды тізіп, әдебиетке сан үлгіні кіргізді. Абай мұрасын том-том етіп жазсақта тауыса алмаймыз, әлі де қыры мен сыры көп дүниелер ең бастысы бізбен бірге, ал біз үлгі етеп және де кеңейтіп жеткіземіз.

«Бүгінде Абай үні біздің де үнімізге қосылып, жаңғырып жаңа өріс алып тұр. Кешегі сағымша өткен бұлдыр заманның буалдыр желегін түріп тастап, дәл өзімізбен бірге тілдесіп, болашаққа қадам басып Абай да сапта тұр»

Мұхтар Әуезов

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)**

1. Мұхтар Әуезов «Абай Құнанбаев» (1995 жыл)
2. Мекемтас Мырзахметұлы «Абайтану»(2014-жыл)
3. Г.Есімов «Хәкім Абай» (1995 жыл)
4. К. Мұхамедханұлы «Абайдың ақын шәкірттері» (1994 жыл)